

Т.Айбергенов атындағы орта мектебі

Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы

Қатысуға тиіс:9

Қатысқаны:9

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде :

1.Мектеп бойынша білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы. М.Тайшыбаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Т.Айбергенов орта мектебінің әлеуметтік ұстазы М.Тайшыбаева сөз алды. 2023 жыл бойынша атаулы әлеуметтік көмекке анықтамасына байланысты 17 оқушы,атаулы әлеуметтік көмек алу анықтамасының уақытына байланысты 17 бала ыстық тамақпен қамтылғалы отыр.

Сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:К.Нұртазин сөз алды. Әлеуметтік ұстаздың ақпаратымен таныстық. Бүгінгі Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысында атаулы әлеуметтік көмек алған отбасының балдарын қайтадан тамақ ісуге келісемін. Өйткені көп балалы,аз қамтылған отбасының балалары. Менің ойымша балдардың ыстық тамақпен қамтылғаны дұрыс.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі зейнеткер Молдагазина Зиуар сөз алды. Мен осы ауылдың тұрғынымын,ардагер ұстазбын. Ауылдың тұрғындарын көп жылдан бері танимын. Енді бүгінгі Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысындаК.Нұртазин ағайдың айтқан хабарламасымен таныстық. Аз қамтылған оқушыларды қоссақ. Біздің қарсылығымыз жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алған отбасының балалары ыстық тамақпен қамтылуға келісемін.


Қамқоршылық кеңестің мүшесі ата-ана Мұналова Бақыт менде бүгінгі кезектен тыс өткізіліп отырған отырыста айтылған пікірлермен келісемін. Еш қарсылығым жоқ,айтылған оқушылар ыстық тамақпен қамтылуы дұрыс деп ойлаймын.

Шешім:

1.Бүгін ақпан айының 1-і күні өткізілген Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысында қаулы алынды. Қыркүйек айынан бастап 17 бала ыстық тамақпен қамтылуға ұсыныс қабылданды.

Кеңес төрағасы:  К.Нұртазин

Хатшы:



М.Жұмалин

Қатысуға тиіс:9

Қатысқаны:9, қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:Т.Айбергенов атындағы орта мектебі 2023 жылдың Қыркүйек айында кеңес отырысын өткізу.

1. Қамқоршылық кеңестің жоспарын құру, талқылау, бекіту.
2. «Қауіпсіз мектеп және бала»
3. «Педагог мәртебесі» туралы заң жобасын талқылау.

1.1. Бірінші мәселе бойынша: қамқоршылық кеңестің төрағасы Нұртазин Кеңжетали сөйледі. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндетін таныстырып, жоспарын талқылап, атқарылған жұмыстармен таныстырды.

1.2. Екінші мәселе бойынша: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Матбаева сөйледі. «Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз» тақырыбында апталықтар өткізілді. Оқушыларға қауіпсіздік туралы кеңінен түсіндірілді. 1-4 оқушылар арасында «Қауіпсіз автобус» тақырыбында сурет байқауы, 5-9 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережесін білемізбе?» тақырыбында қабырға газеттері, буклеттер конкурсы өткізілді. 1-11 сынып оқушыларына «Қауіпсіз жол жүрісі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Ата-аналар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып қауіпсіздік жайлы түсінік жұмыстары жүргізілді. Видеороликтер, презентациялар көрсетілді. Ата-аналарға түнгі уақытта, бейнегіз балаларды көшеге жібермеу керектігі ескертілді.


1.3. Үшінші мәселе бойынша: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.К.Өтесін сөйледі. «Педагог мәртебесі» туралы заң жобасын таныстырып өтті. Педагог мәртебесі заң жобасын презентация арқылы түсіндіріп өтті.
Сөйлеушілер:


1. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Ахау Аңсаған: Күн тәртібінде қаралған мәселелерді тыңдадық. Оның ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болған уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үнемі күн тәртібінен түспеуі тиіс.

2. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Мұңалова Бакыт Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыстары жоспар бойынша атқарылсын;
2. «Қауіпсіз мектеп және бала» оқушылардың қауіпсіздігін ата-аналармен байланыс жасай отырып, нығайту.

Кеңес төрағасы:  К.Нұртазин

Хатшы:  М.Жұмалин

Т.Айбергенов атындағы орта мектебі

Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 3 хаттамасы

Қатысуға тиіс: 9 Қатысқаны 9 қатыспағаны 0
Күн тәртібінде :

1. Оқу тоқсанының ұйымдастырылуы
2. Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы
3. Күзгі каникул кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру


- 1.1. Бірінші мәселе бойынша: Оқу ісі жөніндегі орынбасары Торенова Манаш оқу тоқсанының ұйымдастырылуы жөнінде таныстырып өтті. Оқушылардың сабаққа қатысымы, оқу үлгерімі жөнінде айтты. 1 тоқсан бойынша мұғалімдер мен оқушылардың онлайн байқауға қатысып жүзделі орындармен марапатталып жатыр.
- 1.2. Екінші мәселе бойынша: Мектеп директоры: Абдигалиев Замир мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жөнінде айтып өтті. Мектебіміз штаттық рижим бойынша оқып жатыр. Оқушылар уақытылы сабаққа келеді. Медициналық бетперделерін екі сағат сайын ауыстырып отырады. Үзіліс кезінде кабинеттер тазартылып, кварц қосылады. Үзіліске шыққанда оқушылар бір бірімен кездеспейді. Оқушыларға «Коронавирустың белгілері мен ерекшеліктері туралы түсіндіріліп айтылды. Ата-аналармен байланыс жасалып отырылады. Мектепке оқушылар келгенде және сабақтан таратылғанда қызу температурасы өлшеніп журналға жазылып жүр. Мектепке келген бөгде адам болса да температурасы өлшеніп кіреді.
- 1.3. Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Өтесін Бауыржан Оқушылардың күзгі каникул кезінде бос уақыттарын ұйымдастыру бойынша айтып өтті. «Қазақстан балалары күзгі интерактив» тақырыбында іс шаралар жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде бекітілген мұғалімдер уақытылы іс шараларды өткізіп ақпарат беріліп отырылады. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында өткізілген шаралар мектебіміздің әлеуметтік желісіне салынып отыр.

Сөйлеушілер:


1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы: К.Нұртазин сөз алды. Біз үнемі мектеппен байланыс жасап отырамыз. Мектептегі өткізіліп жатқан шараларға оқушылар белсене ат салысады. Ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілері үнемі байланыста.
2. Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Ахау Аңсаған Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек. Мектепте оқып жатқан өзімінің балаларымды үнемі қадағалап отырамын

Шешім:

1. Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы қатаң қадағалансын.
2. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқушылар іс шараларға толық қатыстырылсын.

Кеңес төрағасы:  К.Нұртазин

Хатшы:



М.Жұмалин

Т.Айбергенов атындағы орта мектебі
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 4 хаттамасы

Қатысуға тиіс: 9

Қатысканы: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде :

1. 2021 жылғы 25 қарашадағы № 994 қатынасына сәйкес, 7-13 жас аралығындағы жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, жақсы оқитын көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды әкім шыршасына ұсыну.

Тыңдалды: әлеуметтік педагог М.Тайшыбаева алда үлкен дәстүрлі Жана жыл мерекесі келе жатыр соған орай мектебімізден мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған, көп балалы оқушыларды анықтап сұранысы жіберіледі. Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2021 жылғы 25 қарашадағы № 994 қатынасына сәйкес, 7-13 жас аралығындағы жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, жақсы оқитын көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды аудандық әкім шыршасына мектебімізден көп балалы отбасынан шыққан 4 сынып оқушыларынан Орынбасар Мұхаммедті, Құлмағанбетова Сәулешті, Ізтұрған Кенжебекті, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар Ізмұхан Нұрдана, Сейдолла Санжар, Жаксыбаев Асылан, Емен Ернұр, Құрманғалиев Айқын Мак Асыланбекті ұсынығым келеді. **Сөйлегендер:**


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Бисенова Гүлшара әлеуметтік педагогтың күн тәртібіндегі мәсел бойынша таныстырып өтті. Оқушыларды аудандық шыршаға көп балалы, аз қамтылған деген отбасы балаларын жіберу керек екенін айтты. Аманғалиев Нұрәли көп балалы отбасы, ата-анасы жұмыссыз. Мен қарсылығым жоқ.


Қамқоршылық кеңес мүшесі: Әжіғұлов Қамбарбай сөз алды. Айтып өткен оқушыларға мен қарсы емеспін. Миялы ауылының бұрыннан келе жатқан тұрғынымын. Ауылдағы аталған оқушылардың отбасылық жағдайымен таныспын. Осындай аталған шараға мектептен көп балалы, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды ұсыну жақсы.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Мұңалова Бакыт сөз алды. Аудандық әкім шыршасына ұсынылған оқушыларға қарсы емеспін. Көп балалы отбасыларға табыс көзі кірмейтін алдағы жылдар осындай көмектер көбірек ұйымдастырылса, басқа да мейрамдарда әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету жалғасын таба берсен деген ойдамын.

Шешім :

1. Байғанин аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 994 қатынасына сәйкес, 7-13 жас аралығындағы жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, жақсы оқитын көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды әкім шыршасына ұсынылған оқушылар қанағаттандырылсын.

Кеңес төрағасы:  К.Нұртаев

Хатшы:  М.Жұмалин